

ХАТТАМА № 5

2023 жылғы 26 қантар
Жанаөзен ауылы

Директор жаңындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
кабинет менгерушілері, пән мұғалімдері,
сынып жектекшілер.

Күн тәртібі:

- 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі (мектеп психологі А.М.Канашева).
- 2-11сыныптарда оқытыллатын пәндердің өткізуле деңгейін бақылау (әдістемелік кеңес және комиссия мүшесі).
3. 9-сыныптардардың корытынды аттестаттауға дайындық жұмысын ұйымдастыру, консультациялардың кестесін жасау, таңдау пәндерін анықтау (Ашимханов К.Т. директордың оку ісі жөніндегі орынбасары).
4. 2022-2023 оку жылының I жартышылдығында ЖБББ бағытында көпбалалы, аз қамтылған, қолайсыз отбасынан шықкан балалармен жұмыс жүргізу және көмек көрсету туралы (Тагаева Г.Ж. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).

ТЫНДАЛДЫ:

1. А.М.Канашева – мектеп психологі.

-2022-2023 оку жылының жоспарына сәйкес 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі I жартышылдықка жоспарланған. Жоспар негізінде 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында 30 қыркүйкүйек пен 20 қазан аралығында 1 «А», «Ә» сыныптарынан «Керн-Йиерасик» әдістемесі алынды. 23 қыркүйек күні 1 «А» сыныппен оқушыларға қолайлы эмоциялық атмосфера құру. Балалардың оқушы мәртебесін ұғындыру мақсатында «Мен оқушымын!» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Жұмыс барысында балалар өте жоғары көніл-күйде «құрғақ душ», «эмоция әлемі», «турлі – түсті көніл-күй» ойындарына белсене қатысты. Жұмыс сонында оқушылар өздерінің көніл-күйлерін гүл күлтешелері арқылы жеткізді.

21-22 қыркүйек күндері 1 «А», 1 «Ә» сынып оқушыларымен баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, бейімделуі, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңею мақсатында «Кел, танысайық!» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Жұмыс барысында «мен және менің касиетім» жаттығуы, оқушының мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында «сұрақ-жауап» ойыны, жылы достық қарым катынасты қалыптастыру мақсатында «күн шуакты аланқай» ойыны ойнатылды. Сабактың сонында оқушылардың өзіндік көзқарасының қалыптасып, көніл-күйлері көтеріліп, ой-өрістері кеңейтіп, бір-бірімен тығыз достық қарым-катынаста болуды үйренеді.

28 қыркүйек күні 1 «А» сыныбымен баланың қабілетін, ақыл-ойын дамыту, сандарды, геометриялық фигуналарды, түстерді ажыратта білуге үйрету мақсатында «Кел танысайық!» тақырыбында ойын жаттығулар ұйымдастырылды. Жұмыс барысында оқушылар «адасқан сандар», «өз орнында тап» ойындарын қызыға ойнап, жоғары көніл-күйде болды.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша қындықтар анықталмады.

2. Әдістемелік кенес және комиссия мүшесі.

- 2022-2023 оку жылының II тоқсанында мектепшілік бақылауына алынған 5-сыныптар және білім сапасы төмен сыныптарының сабактарына катысу бойынша анықтама.

Максаты: пән мұғалімдерінің сабакқа оқушылардың білім сапасын арттыру максатында колданатын әдіс-тәсілдерін байқау және 5-сыныптардың орта буынға бейімделуіне сараптама жасау.

5 «Ә»сыныбының орыс, ағылшын, қазак тілдері сабактарына катысып, келесі корытынды жасадым. Сынып орта буын сыныптар тәртібі, ерекшеліктеріне 2-тоқсанда бейімделгені көрінеді. Сонымен қатар оқушылармен әлі де тәрбие жұмыстары өткізілуі керек. Оқушылар үзілістен кешігіп келетіні байқалады, мұғалім үнемін кабинетте тазалық сақтаулары туралы ескертіп отырады. Осы бағытта тәртіп қағидаларын қалыпқа келтіру жөн. Ағылшын тілі, қазак тілі мұғалімдері Қасенқызы Айшамен саралау жұмыс түрлерін сабакта қолданып, оқушыдан жауап алуға түрлі әдіс колданатыны байқалады.

Оқушылардың жылдам оку техникасы төмен, үй тапсырмасын орындалмай келетіндер бар. Корытынды: сынның жектекшісіне ата-аналармен тығыз байланыста болып, оқушылардың үй тапсырмасын орындауларын катаң бакылауга алу керек, олардың бос уақытта әдеби кітап оқуларын көңіл бөліп, қадағалау дұрыс.

5 «А» сыныбының қазак тілі сабағында оқушылардың оку үрдісіне тез бейімделгені, мектептегі өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтыны байқалады. Қазақ әдебиеті сабағында шығармадағы кейіпкерлердің жағымды жақтары үлгісінде оқушыларға өз істеріне адал қарау, жауапкершіліктері арттыруға көңіл бөледі. Оқушылардың басым бөлшегі жылдам, ойлана оки біледі.

6 «Ә» сыныбы білім сапасын төмен сыныптарынң қатарында. Оқушылардың басымы 5-сыныпқа келгенде көбейту кестесін білмей, оку техникасы төмен болған. Оқушылардың есте сақтау қабілеттері төмен болғандықтан, оқығандарын айта алмай, түйін жасауға қиналатын. Осы уақытта оқушылар мектеп ережелерін орындауды, оку үрдісіне бейімделіп келе жатыр. Ата-аналар істеріне хабардар. Бірақ әлі де үй тапсырмасын орындалмайтын оқушылар бар. Осы бағытта ауқымды жұмыстар жасалса да, үздіксіз тәрбие жұмысы, ата-анамен ынтымақтастықта жұмыстар өткізілуі керек. Пән мұғалімдеріне оку үлгерімі төмен оқушылармен жеке жоспар құрып саралау жұмыстарын қолдану басты мақсатта болу кажет.

3. К.Т.Ашимханов – директордың оку ісі жөніндегі орынбасары.

- 9-сынып оқушыларының корытынды аттестациясына дайындалу үшін кенес беру кестесі жасалды. 9-сынып оқушылары негізінде пәндер бойынша консультацияларға катысады: математика, қазак тілі, орыс тілі. Сонымен қатар оқушылар таңдау пәндер бойынша консультацияларға катысады: Қазақстан тарихы, физика, география, биология, химия, ағылшын тілі, информатика. Консультациялар белгіленген кесте бойынша жүргізіледі. Пән мұғалімдері оқушылардың дайындыққа қатысуын бақылап, сынның жетекшісімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Г.Ж.Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

- 2022-2023 оку жылының басында тұрмысы төмен, қамқорлыққа алынған, қолайсыз отбасындағы оқушы саны анықталы, оларға керекті, құжат, ата-аналар жиналысының хаттамалары, қаулысы тұрмыс жағдайын тексеру актің жинақталды. Әлеуметтік көмек қажет

ететін оқушылар жалпыға бірдей орта білім беру қорынан материалдық көмек ретінде мектеп формасы, оку құралдарымен қамтылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 104 оқушы асханада ыстық тамақпен қамтылады. Қолайсыз отбасындағы оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық насиҳат жүргізіліп, алдын-ала жұмыс өткізілді. Жоғарыда аталған санаттағы және жалпы барлық оқушылар, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын-ала жұмыс өткізілді. Жоғарыда аталған санаттағы және жалпы барлық оқушылар, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында педагогикалық қызметкерлерден педпатруль кезекшілігін ұйымдастырылды. Кезекші – сақшылардың негізгі міндеттері – кәмелетке толмаған балалардың бейmezгіл көшеде жүрмеуін, түнгі демалыс орындарына, дүкендерге бармауын, олардың қоғамға жатқылтармен айналыспаудың және жалпы түнгі уақыттарда коғамдық тәртіптің сақтауын кадағалау. Рейдтер жүргізу кезінде тәртіп бұзган, түнгі уақытта көшеде жүрген оқушылар болған жок.

Қаралған сұраптар бойынша қабылданған қаулы:

- 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін үнемі бақылауда ұстап жұмысты ары қарай жүргізу.
2. 1-11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейі бақылауда болып әдістемелік кеңес отырысында қаралсын.
3. 9-сыныптардың қорытындысы аттестаттауға дайындық жұмысы.
4. ЖБББ бағытында көпбалалы, қолайсыз отбасынан шыққан балалармен жұмысты ары қарай жүргізу, бақылауда ұстаяу.
5. Осы қаулының орындалуы директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарларына, мектеп психологтарына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.



Төрағасы:

Байгалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А